



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Алматы қаласы Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Управление по развитию языков, архивов и документации города Алматы

Казахский государственный женский педагогический университет
Факультет казахской филологии и мировых языков
Кафедра казахской литературы

Almaty city department of language development, archiving and documentation

Kazakh State Women's Teacher Training University
Faculty of Kazakh philology and world languages
The chair of Kazakh Literature

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған

**«Қазақстан Республикасындағы
мемлекеттік тіл саясаты
және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея»**
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции:

**«Государственная языковая политика
Республики Казахстан и национальная идея
в казахской литературе»**

посвященная к 550-летию казахского ханства

MATERIALS

Of International Scientific and theoretical conference on

**«The state language policy of Kazakhstan
and the national idea in the Kazakh literature»**

devoted to 550 anniversary of Kazakh Khandygy

АЛМАТЫ 2015



Настоящая статья посвящена изучению национального вопроса в творчестве М.Жумабаева

Summary

This article is devoted to the study of the national question in the works M.Zhumabayev

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 2008.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МІНЕУ, СЫНАУ КӨРІНІСТЕРІ

Сарбасов Б.С.

ҚазМемҚызПУ, ф.ғ. к., қауымд.

проф. м.а., Алматы қ., Қазақстан

Абай – өмірге ой тербетіп, ақыл күйттеп келген ақын. Сондықтан оның қай туындысын алсақ та, белгілі бір дәрежеде даналықтың дәрісі болып келеді. Абайдың шығармашылық мұрасындағы аса бір нәрлі де мәнді бөлігі – оның дін және имандылық, адамгершілік қасиеттер, толыққанды, жан-жақты жетілген адам сипаты туралы толғаныстары. Имандылықты адам өмірінің түпкі мұраты деп, шынайы өнерді мәңгі өлместіктің кепілі деп ұққан ақын өзінің бүкіл тіршілік тәжірибесі арқылы, қайталанбас ақындық дарыны мен биік адамгершілік қасиеті арқылы халқын ізгілікке тәрбиеледі, болашаққа даналықты өсиет етіп қалдырды. Замандар өткен сайын жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып отыратын әулиелігімен халқының ғасырлар бойы қадір-қасиеті кемімейтін абырой беделіне айналды.

Тіршіліктегі бізді толғандыратын қандай мәселе болсын, әсіресе ұрпақ тәрбиесінің қай қырына қатысты сауал туындаса да жауапты Абай даналығынан тауып келгеніміз, әлі де табар беретініміз талас туғызбайды. Дана Абай өзінің шығармашылығында халыққа үлгі боларлық елге пайдасы тиерлік нағыз азаматтың, кемел тәрбиелі, парасатты адамның бойында болуға тиісті қасиеттер туралы ойларға жиі оралып отырады. Өйткені өмірін де, өлеңін де халық тәрбиесіне, гуманистік идеяларды жүзеге асыруға арнаған ғұламаның басты мақсаты оқырман санасына ізгілік нұрын құйып, «көкірек көзін» ашу болды.

Жұмағали Ысмағұлов «Абай: ақындықтағлымы» атты еңбегінде Абай шығармаларындағы қоғам мен адам кемшіліктерін әшкерелеу барысында, мына сөздермен бастайды: «... шынтуайтына келгенде, Абай патшалықтың әбден шығандап тұрған шағы еді. Бұл кезде қазақ даласындағы өмірдің патша әкімшілігіне тәуелді болмаған, отаршылдықтың қатаң заңына бағындырылмаған бірде-бір саласы қалған жоқ еді» [1,26] – деген сөздерінен қазақ қоғамының бағындырылған, білім нәрін сіңірген, білімді қоғамтанушыларымыздың күйін көруге болады. Бұл жағдайды біз тарих беттерінен де көре аламыз және патша үкіметінің бастапқы стратегиясы бойынша алғашында қамалдар соғып, сырттан бақылау мен билік басындағы шенділермен басқару болса, екінші кезеңде аш қолдарын тарбатып, бас сұға бастады. Ал үшінші кезең қазақ сахарасына орыс пен украин мұжықтарына қазақтың мал жайылымын, шұрайлы да қолайлы жерлерін талан-таражға салдырғаны болатын. Осыған байланысты, Абай халықтың жағдайын өлең жолдарында көрсетіп, заман бейнесін, елдің тіршілік болмысын, көпшіліктің мінез-құлқын мейлінше ширата айтатын туындысы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».

Ж.Ысмағұлов осы өлең туралы: «Бұл – өзге көп өлеңдеріндегі айтылған ойларының түп қазығындай бағдарламалық мәні бар, іргелі туынды. ...ел өмірінде, адамдар қарым-қатынасында әбден орын теуіп қалған теріс мінездерден безініп, жерінген ел ағасы ақынның күйініп айтқан жан күйзелісі бар бұл өлеңде» [1,30] – деген өзекті ойын білдіреді.

Ғалым А. Егеубай да Абай мен Ж.Баласағұнның философиясын салыстыра отырып, мынадай ойға келеді: «Арсыз, надан, жалқауларға жаны күйген Абай да Баласағұндай тығырықтан жол іздеп, құтты қоғам, ізгілікті қоғам жолын аңсайды» [2,9] – деген жолдардан түсінетініміз қандай ғұлама болмасын еліне қалайтыны, тілейтіні ол – адамгершілік болған және ғасырдан ғасыр өтсе де осы мақсат өзгермейді.

Абайтанушы ғалымдар осы туралы: «Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де сол қаламгерлердің бәрі де бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың жолын, өзіндік танымын жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлайды [3,67].

Ғалым Ж.Ысмағұлов бұл ойды өрбіте кетіп: «Сыртқы сымбар ішкі сыпайылықпен үштасып, мәдениетті жүріс-тұрыс ақыл-парасатпен астасып жатпаған жерде өсу-өркендеу де, өнегелі өріс те бола алмайтыны белгілі. ...Ал енді осындай сыртқы салақтықтың әр жағында ішкі парықсыздық жатса ше? Онда мұның аяғы не нәрсенің болса да байыбына бара бермейтін пайымсыздық пен талғамсыздыққа апарып соғар еді де, адам істер ісі мен жүрер жолынан жаңылып, адасқан күйге түсер еді. «Жақсы менен жаманды айырмадың», – деген үшінші тармақтан біз осындай парықсыздық пен пайымсыздықты көреміз» [1,32].

Ғалым Ж.Ысмағұловтың Абай шығармаларындағы шындық жайлы көкейінде тұрған ойын Құран кәрімдегі Аграф сүресінен де көре аламыз: «Ол қауымына жақсылықты бұйырады, жамандықтан тыяды. Таза, жақсы нәрселерді адал етеді, лас, жаман нәрселерді харам етеді. ...Міне, сол кезде иман келтіріп, оған үлкен құрмет көрсеткен, көмекші болған және пайғамбарлығымен бірге түсірілген Нұрдың (Құран) жолымен жүргендер – міне, нағыз мұратына жеткендер солар болады» [4,24] – деген аят жолдарынан ұғатынымыз жақсылыққа шақырып, жамандықтан тиятандардың екі өмірде де ойы мен санасы, рухани тазалығы өзгелерден биік болып, барлық уақытта көретіні құрмет пен сый болады. Ж.Ысмағұловтың да айтпақ негізгі ойы осымен үштасып, үштасып келіп, ары қарай ойын Абайдың мына өлең жолдары арқылы өрбітеді.

Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек, –
деп, бүкіл адам баласына тән қарекеттерін айта келіп:
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек, –

дегенде, ауылдағы құр қылжаңбас, бос сөздің жетегінде ғана жүріп, ойы мен санасын надандыққа толтырғандар дана айтқан өнегелі пікір мен насихаттың бірін де мардымды көне алмасы хақ. Зерттеуші осындай келеңсіздікті Абайдан тауып көрсеткен.

Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзіне сыртаң тартып, тез жиренбек, –
деп, түйсе де; немесе, кейінгі шумақтарда кездесетін;
Алашқа іші жау боп, сырты күлмек
Сырттан сынбақ, құсынбақ өршілденбек
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ [1,40]. –

деп, ғалым Ж.Ысмағұлов та Абай өлеңдерін талдай отырып, ақынмен үндес ойға түседі, әрі ақынның шеккен уайымының біршамасын да сезінеді, халықтың, көпшіліктің паң мінезін баршаға әшкерелеп, айқындап беруге бар күш-жігерін жұмсауға тырысқандығы айқын байқалады.

Ақын өмірінің көп бөлігін көпшілік қауымды турашылдыққа, адамгершілікке, дүниенің пайдасымен зиянын айыра білуге үндеумен жүріп «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» өлең жолдарымен жазып шығады. Бірақ, қандай қоғам болмасын надандықтан көздері шел басып, өздеріне көмек қолын созғандарды балағаттап, олардың ізгі ойларын түсінуден мақұрым қалып, тіпті, ізгілік пен көркемдікті жат санап, қабылдай алмай, опасыз қылықтарды да жасайтын болған. Бұл жағдаят әлемдердің сардары Пайғамбарымыз (с.а.с) өмірінде өте көп көрініс тапқанын: «Біздің ойымызша, сен қатардағы жай адамсың. Бізден қандай айырмашылығың бар? Әрі сенің соңыңнан еріп жүргендер де – қауымымыздың арасындығы ең бейшаралары. Мұны көзімізбен көріп жүрміз. Сондай-ақ сенің бізден асып бара жатқан ерекше бір қасиетін бар деп те ойламаймыз. Керісінше, сені өтірікші санаймыз!» [5,251]. (Құран кәрім, һүд сүресі, 11/27) – деген тармақтардан қоғамды жақсылыққа үндеушілердің қанышылықты қиын белестерді өткеріп қана жетістікке жете алатындарын көре аламыз.

Мұхаммед (с.а.с) - ның үмбеті Абай атамыз да осы ізгі жолда қандай қиыншылықтарды, ауыртпашылықтарды өткерсе де еш мойымағаны баршасына мәлім деп ойлаймыз. Ақынның арманы мен мұраты – адамшылық, ал нақты өмір надандыққа толы. Ойлы, арлы, ақылды адамды елі мен замандасының мынадай қалпы еріксіз адамшылыққа зар қылып, соған сусар етеді: «Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гүілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, сөз айтсаң түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап тұрады. Енді не қылдық, не болдық?» [3,158] – деп күнжілген Абайдың ойы мына өлеңінен көрініс тапқан:

Шошымын кейінгі жас балалардан,
Теріп сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман –
деген де ақынды не нәрсе жасынан бұрын қартайтып, қайратын қайтарып, арманын ұлғайтып, отырған не екенін бірден анғаруға болады. ...Бай да – аларман, би мен болыс та – аларман. Олардікі жөн-ақ болсын. Қандай қулық-сұмдықта да малына сенетін қарау бай ертен

өсімімен қайтарамын деп сауда жасайды. Би мен болыс қолындағы елдік күшіне арқаланады. Ал енді солардың арасында қыстырылып жүрген жансебіл елубасы қайтеді? Ертең сайлау болғанда шар саламын», – бәлденеді екен ол [1,41] – деген жолдармен ғалым Ж.Ысмағұлов ақын өлеңінде баяндалған жағдаяттарды мысқылмен, астыртын оймен жеткізіп, шенділер мен олардың қолшоқпары болғандарды қандай жағдаятта екендіктерін айқын көрсетіп береді. Шыншыл, әрі әділетті ойымен белгілі ақын – Абай әркімге жала жауып, тіміскіленіп, адамдықтың атын ұмытқан арызқойлар жайлы: «Бірге қолтықтасқан жора-жарандарына дейін кемшілік іздеп, пайда, мақтан үшін сатып, жалған арыз таситындар», –деп олардың арсыз қылықтарына наразылық танытқан.

*Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде, оны жарылқап, бірде мұны.
Құды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы, –*

деген өлең жолдарындағы ойды Ж.Ысмағұлов өрбіте: «Ие, қаладағы озбырдың елді ұшықтырғаннан басқа бітірері жоқ. Оның мақсаты алу ғана. Ал қағаз бетіне түскен арызда ғаламат бір күш бар екенін жоғарыда айттық. Олар талай кеңселерді аралап кетеді де, жаңағы арыз жазған жемтіктер орыстан басқа тағы талайларға нәпақа әкеледі» [1,46], – деп, қазекенің басына арыздың арқасында талайы тойынары рас, бірақ өзгелерді тойындыру жолымен басына түскен арыздан құтылам дегені қате болады. Ол тек қана біреудің, ашкөз қорқаулардың, яғни орыстардың жемтігіне айналады.

*Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып, –*

деген жолдарға байланысты Ж.Ысмағұлов: «Бірақ, не керек, осы сияқты «алты бақан алауыздық», сайып келгенде, ел ішін аздыра береді, бұза береді. Жаңағы жалақорлық, сатқындық сияқты кеселдерді одан сайын асқындыра түседі» [1,46] – деп патша үкіметінің озбыр іс-әрекетінің зардабы қандай болғанын атап кетті. Абай бұл тұста адам бойындағы жақсы қасиеттердің бұзылып ол хайуани мінезге айналып жатқанын «Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан» – деген жолдардан-ақ байқатып отыр. Қоғамда тек қара күш пен әділетсіздік белең алып, ал ақылы толысқан еліне көп еңбек сіңіре алатындар бірінші қатардағылар емес, керісінше соңғылары. Бұл орнаған жағдай орыс бекіткен шенділер өздерін жануарлар секілді тек физиологиялық құбылыстарға тәуелді санауына, табиғатта тірі қалу үшін жеу немесе жемтікке айналып өлу деген таңдаулар деп ақын адам өзінің рухани болмысын ұмытса ол – сабырсыз, арсыз, еріншекке айналатынын баса айтқан болатын.

*Расы жоқ сөзінің
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды, –*

дейтін ренішті жолдармен салыстыра қараған адам ақынның жақсылық пен жамандық жөніндегі талғампаздығына шүбә келтіре алмайды.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі «жетілген адам» – ең алдымен иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені

Қожекеева Б.Ш. Темірғали Нұртазиннің жазушылық қыры және сыншылық болмысы	95
Дәрібайұлы С. Педагог-ғалым Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы және ұлттық мектеп	97
Юсуп П.Қ.Әдеби шығарма сюжетіндегі тартыстың маңызы	100
Панзабек Б.Т. Толысбаева Ә.Т. Көркем мәтіндегі автор бейнесі	103
Қазыбек Г.Қ. А.В.Васильевтің халық ауыз әдебиетін аудару тәжірибесі	106
Өміржанова Ж.Т. Мифтік көріністер мен ұлттық әдебиет	111
Жұмақаева Б.Д., Кеңесова Б. Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми-әдіскерлік тағлымдары	115
Керімбек Ж.С. «Ескендір» образының шығыс әдебиетіне әсері	117
Ахметова А.М. Мағауиннің «Құмырсқа-қырғын» әңгімесіндегі символика	121
Мажиева Н.А. Қазақ эпосындағы көркемдік қырларының көрінісі	123
Мәмбетов Ж.Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы ұлттық бітім мен болмыс	128
Ержанова Г.Б. Көркем шығармашындығы	131
Ракыш Ж.С. «Ақымақ бала» туралы сюжетке құрылған ертегілер	135
Мұхамдиев Д.Б. Әуезовтанудың қазіргі мәселелері (профессор М.Мырзахметұлы зертханасы негізінде)	139
Көшекova А.А. Шешендік сөздер – халық даналығы	142
Сұлтанова Б.М. Шөже Қаржаубайұлының айтыстары	145
Әбдіқалық К.С., Орынханова Ғ.А. Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі ұлт мәселесі	147
Сарбасов Б.С. Абай шығармаларындағы мінеу, сынау көріністері	151
Бегманова Б.С. Қазіргі қазақ повестеріндегі ұлттық мінез ерекшелігі	155
Нұрпейісов Н. Ж.Е.Ысмайылов және Мұқановтану ғылымы	159
Жұмақаева Б.Д. Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында оқылатын эпикалық шығармалар, олардың тақырыптық, идеялық қырлары	163
Еспенбетов А.С., Ибраева Н.Б. «Шығыстың Мұқағалиы» атанған Хамит ақын турасында	166
Нұрпейісова А. Шерхан Мұртазаның 60-80 жылдардағы әңгімелері	169
Әуесбаева П.Т. Ертегілік сюжеттер мен мотивтер жөнінде	173
Дәуітұлы Т. Таңжарық айтыстарының ерекшеліктері	177
Сейсенбиева Э.С. Қазақ драматургиясы және Ғ.Мүсірепов	182
Исабекова Ж.А. Абай мен Мұқағалидың поэзиясына тән ортақ амалдар	185
Әкімова Т.Т. Қазақ фольклорындағы хикаяттар	190
Қашаулиева Э.К. Фольклорлық прозадағы мотивтер жүйесі	195
Сейсембай Г. М. Жұмабаев және қазақ балалар әдебиеті	197
Сарбасова Қ.Б. Абай поэзиясындағы «Толық адам» бейнесі	200
Тоқшылықова Г.Б. Кобо Абз туындысындағы адам және қоғам	204
Әбдіқалық К.С., Тоқташбай А.Қ. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясының текстологиясы	208
Өтепбергенова Г.К. Т.Нұрмағанбетов повестеріндегі ұлттық идея	212
Қожағұлов С.Қ., Зәйкен З. Таңжарық Жолдыұлы мұраларының Алаш рухымен үндестігі	214
Отажонов М. Аңғанаға янгича мунособат	218
Анданиязова Д.Ә. Узбек ва қозоқ халқларида эътиқодларға асоаланоган муштарак антропонимлар	224
Мұхамдиева М.Б. Халкының рухани көшбасшысы - М.Әуезовтің қайраткерлік қырлары	227